**Арыс қалалық мәслихаты тұрақты комиссия отырысының көпшілік тыңдауының**

# ХАТТАМАСЫ

Арыс қаласы №1 2025 жыл 25 шілде

**Жиынға төрағалық етуші:** Арыс қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы - Е.Медетбеков

**Қатысқандар:** Арыс қалалық мәслихатының депутаттары, Арыс қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлім басшысы – Г.Садықова, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер ұйымының өкілдері, қоғамдық бірлестік өкілдері, қала тұрғындары, тиісті бөлім басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері.

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Арыс қаласының көшелеріне атау беру және қайта атау туралы.

**Сөз: Арыс қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Медетбеков –** Құрметті депутаттар, құрметті Арыс қалалық мәслихаты бірлескен тұрақты комиссия отырысының көпшілік тыңдауына қатысушылар! Тұрақты комиссия отырысының көпшілік тыңдауының заңдылығына түсіндірме беру үшін сөз Арыс қалалық мәслихат хатшысы Қ.Ахметовке беріледі.

**Сөз: Мәслихат төрағасы Қ.Ахметов -** Құрметті тұрақты комиссия отырысының көпшілік тыңдауына қатысушылар! Күн тәртібіндегі мәселені Арыс қаласы әкімдігінен 04.06.2025 жылы №40-01-01/1730 Арыс қаласындағы атауы жоқ және атауы қайталанатын көшелерге атау беру мақсатында көпшілік тыңдау өткізу туралы ұсыныс хат түсті. Аталған мәселені қала халқының назарына жеткізу үшін Арыс ақиқаты газетіне 26.06.2025 жылы №26 (6488) санында жарияланды. «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес, тиісті жергілікті атқарушы органдар облыстарға, аудандарға, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларға, қаладағы аудандарға, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру үшін қажетті материалдарды тиісті мәслихаттардың қарауына береді. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 13 бабына және мәслихат регламентіне сәйкес, көпшілік тыңдау өткізе аламыз.

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

**Сөз: Арыс қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Медетбеков –** Құрметті депутаттар, құрметті Арыс қалалық мәслихаты тұрақты комиссия отырысының көпшілік тыңдауына қатысушылар! Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес және Арыс қаласы әкімдігінің Арыс қаласындағы атауы жоқ көшелерге және қайталанатын көшелерге қайта атау беру туралы ұсынысының негізінде, Арыс қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясының көпшілік тыңдауы ұйымдастырылып отыр. Осыған орай, сөз кезегі күн тәртібіндегі мәселе бойынша Арыс қаласының ономастикалық жұмысшы топтың хатшысы А.Әміркұловаға беріледі.

**Сөз: Арыс қаласының ономастикалық жұмысшы топтың хатшысы А. Әміркұлова –** Құрметті депутаттар және көпшілік тыңдауына қатысушылар! Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 28 ақпандағы №17-388-5 тапсырмасына және Түркістан облысының Мәдениет басқармасының 03.03.2025 жылғы №24/274 хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақапарат министрлігі тарапынан қоғамда қайшы пікір тудырмайтын әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау бойынша «2024-2025 жылдарға арналған Жол картасы» әзірленіп, ағымдағы жылдың 23 қаңтарында Мемлекет кеңесшісінің төрағалығымен өткен ономастика бойынша жиналыста 2025 жылға жоспарланған атауы жоқ және қайталанатын көшелерге атау беру жұмысы жүргізуге келісілген тізім бойынша еліміздегі ономастикалық атауларды ретке келтіру және тарихи атауларды жаңғырту мақсатында, идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар мен қайталанатын атауларды тарихи жер-су атауларына алмастыру, сондай-ақ объектілерге, Арыс қаласындағы атауы жоқ көшелерге, яғни Алатау батыр шағын ауданындағы жаңа 4 (төрт) көшеге – Құмкент, Кемер, Көксу, Серпін, Отырар шағын ауданындағы жаңа 1 көшеге – Мұзтау атаулары ұсынылып отыр. Стадион шағын ауданындағы қайталанатын Е.Ахметов көшесін – Самұрық көшесі, Сырдария шағын ауданындағы К. Байсейітова көшесі 3 рет қайталануына байланысты – Ақсай көшесі және Ақсарай көшесі, Самал шағын ауданындағы Кенбаевтар көшесін – Байрақ көшесі, Орталықтағы Қазыбек би көшесіне – Ақжібек атаулары ұсынылып отыр.

1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңының 25-5-бабының 3) тармағында «бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру», - көзделген.

Осыған орай, Сырдария шағын ауданы қалаға қосылуына байланысты, Сырдария шағын ауданындағы Ш.Уалиханов көшесі қаламызда болуына орай, Ақтерек қайта атау ұсынылып отыр.

Бұл атаулардың барлығы Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, Қазақстан

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясымен мақұлданған, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісілген «Дәстүрлі атаулар» атауларының тізімімен ғана рұқсат етілген атаулардан алынған.

**Сөз: Арыс қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Медетбеков** - Құрметті көпшілік тыңдауына қатысушылар, баяндамашыға қоятын сұрақтарыңыз болса қойыңыздар немесе ұсыныс пікірлеріңізді айтсаңыздар болады.

**Сөз: Арыс қалалық мәслихат депутаты М.Төлебеков-** Құмкент, Кемер, Көксу, Серпін атаулары Алатау батыр шағын ауданындағы атауы жоқ көшелерге берілейін деп жатырма?

**Сөз:Арыс қаласының ономастикалық жұмысшы топтың хатшысы А.Әміркұлова-** ия дұрыс айтасыз. Алатау батыр шағын ауданындағы «Тайбұрыл» демалыс аймағының маңында кішкентай шағын қысқа көшелер бар. Сол көшелерге жаңадан атау беріледі. Болашақта жаңадан үйлер салынатын болған жағдайда көше атауы болғандықтан құжаттарын мерзімінде рәсімдейтін болады.

**Сөз:Арыс қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Медетбеков** – Қазіргі таңда елге еңбегі сіңген елге танымал қоғам қайраткерлерінің атынан көшеге атау беруге болама?

**Сөз:Арыс қаласының ономастикалық жұмысшы топтың хатшысы А.Әміркұлова-** Қазіргі таңда көшелерге адам есімдерін беруді тоқтатып тұр. Барынша жаңадан берілетін көшелерге «Дәстүрлі атаулар» беруге басымдық беріліп отыр.

**Сөз: Арыс қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Медетбеков** – Мен былтырғы жылы қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың атынан Арыс қаласының көше беру туралы ұсыныс тастаған болатынмын. Ол Сіздер ұсынып отырған тізімнің ішінде жоқ екен.

**Сөз:Арыс қаласының ономастикалық жұмысшы топтың хатшысы А.Әміркұлова- Қ**азіргі ұсынылып отырған көшелердің барлығы қысқа тұйық көшелер. Сонымен қатар, жоғарыда айтып өткенімдей көшелерге атау беруде «Дәстүрлі атаулар» беруге басымдық берілуде. Сондықтан көшелерге адам есімдерін беру тоқтап тұр.

**Сөз: Арыс қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Жүнісов** – қайталанатын Қазыбек би көшесіне «Ақжібек» атауын ұсынып отыр екенсіздер. Ақжібек» мағынасы жұқа, қымбат матаның түрі дегенді білдіреді екен. Мұны ауыстырып «Қызжібек» -деп, қойса болмайма?

**Сөз:Арыс қаласының ономастикалық жұмысшы топтың хатшысы А.Әміркұлова-** Сұрағыңыз өте орынды. Жаңа баяндамамда айтып өткенімдей 2024-2025 жылдарға арналған Жол картасы әзірленіп, Сіздерге ұсынылып отырған 11 көшеге берілетін дәстүрлі атаулар енгізілген. Сондықтан мұны өзгерте алмаймыз.

**Сөз: Арыс қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Жүнісов** – Алатау батыр шағын ауданындағы жаңа 4 (төрт) көшеге – Құмкент, Кемер, Көксу, Серпін атаулары қайдан алынған.

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

**Сөз: Арыс қаласының ономастикалық жұмысшы топтың хатшысы А. Әміркұлова –** Құмкент – Құмды аймақтағы қала, Кемер – Өзен, көл, су арнасының жағалау жиегі; қоныс атауы, Көксу – Бастауын қардан, мұздан алатын суы ең тұщы тау өзені, Серпін – Сыртқа тебетін күш; екпін, қарқын. Бұл атаулардың барлығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясымен мақұлданған, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісілген «Дәстүрлі атаулар» атауларының тізімінен алынған.

**Сөз: Арыс қалалық қоғамдық кеңесінің төрағасы, Т.Әсіл -** Мен қаламыздың көшелеріне, жаңадан атау берілетініне өте қатты қуанып отырмын. Себебі, қаламыздың көшелерінің, бұрынғы уақытта заңды атауы жоқ болатын. Сондықтан, мен ұсыныста толықтай қолдаймын.

**Сөз: депутат М.Төлебеков –** жоғарыда Сіздер ұсынған көше атаулары маған өте ұнады. Нағыз қазақша, терең мағыналы, тез есте қалатын атаулар. Мен өзім қолдаймын.

**Сөз:Әжелер кеңесінің мүшесі, Г.Ерімбетова –** Арыс қаласының көшелеріне берілетін тарихи жер жаңа атаулар маған да қатты ұнады. Сондықтан аталған ұсыныстарды қолдауға шақырамын.

**Сөз: Арыс қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Е.Медетбеков -** Құрметті қалалық мәслихаттың бірлескен тұрақты комиссиясы отырысының көпшілік тыңдауына қатысушылар, күн тәртібіндегі мәселені жиналысқа салып талқыладық. Енді көшелердің атауларын Арыс қаласы әкімдігі ұсынған нұсқамен қалсын десеңіздер дауыс беріңіздер. Барлық депутаттар және көпшілік тыңдауына қатысушылар ұсынылған нұсқаны бірауыздан қолдап, дауыс берді.

## ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қала халқы мен қалалық мәслихат депутаттарының пікірін ескере отырып, Арыс қаласы әкімдігі ұсынған Арыс қаласының көшелеріне атау беру және қайта атау туралы нұсқасы мақұлдансын.

2. Көпшілік тыңдауы бойынша тұрақты комиссия отырысы хаттамасының көшірмесі, ұсыныс беруші, яғни Арыс қаласы әкімдігіне Заңнамаға сәйкес туындайтын іс-шараларды (интернет-ресурстарда орналастыру, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және т.б) жүргізу үшін жолдансын.

Қ.Т.Ахметов _____ М.Ш.Төлебеков _____

С.Т.Момбекова _____ С.Қ.Кенжебеков _____

Е.М.Медетбеков _____ А.Ә.Кенжебеков _____

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

А.М.Шүкірбеков_____ Б.А.Садықбеков_____

Б.С.Ділдәбеков_____ Н.Қ.Ақтаев_____

А.А.Байтанаев_____ А.А.Аженов_____

Н.Д.Ибрагимов_____

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

# ПРОТОКОЛ
## публичных слушаний заседания Постоянной комиссии Арысского городского маслихата

город Арыс №1 25 июля 2025 г.

**Председательствующий на заседании:** Председатель Постоянной комиссии Арысского городского маслихата по социальным вопросам Е. Медетбеков.

**Присутствовали:** Депутаты Арысского городского маслихата, руководитель отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта города Арыс Г. Садыкова, представители интеллигенции, организации ветеранов, общественных объединений, жители города, руководители соответствующих отделов, представители средств массовой информации.

## НА ПОВЕСТКЕ ДНЯ :

1. О присвоении наименований и переименовании улиц города Арыс.

**Выступление: Председатель Постоянной комиссии Арысского городского маслихата по социальным вопросам Е. Медетбеков:** Уважаемые депутаты, уважаемые участники публичных слушаний заседания совместной Постоянной комиссии Арысского городского маслихата! Для разъяснения законности публичных слушаний заседания Постоянной комиссии слово предоставляется секретарю Арысского городского маслихата К. Ахметову.

**Выступление: Председатель маслихата К. Ахметов:** Уважаемые участники публичных слушаний заседания Постоянной комиссии! 04.06.2025 года в акимат города Арыс поступило рекомендательное письмо №40-01-01/1730 о проведении публичных слушаний с целью присвоения наименований безымянным и дублирующим наименования улицам города Арыс. Для доведения данного вопроса до сведения населения города статья об этом опубликована в газете «Арыс ақиқаты» от 26.06.2025 года № 26 (6488).

В соответствии с приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года № 211 «Об утверждении правил присвоения наименований административно-территориальным единицам, составным частям населенных пунктов, их переименования, а также учета мнения населения соответствующей территории при уточнении и изменении транскрипции их наименований», соответствующие местные исполнительные органы осуществляют контроль за присвоением наименования и переименованием городов областного значения, районов в городе, составных частей населенных пунктов, также передает на рассмотрение соответствующих маслихатов материалы, необходимые для учета мнения населения соответствующей территории при уточнении и изменении транскрипции их наименований.

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

В соответствии со статьей 13 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года № 148 «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и регламентом маслихата мы можем провести публичные слушания.

**1. О присвоении наименований и переименовании улиц города Арыс.**

**Выступление: Председатель Постоянной комиссии Арысского городского маслихата по социальным вопросам Е. Медетбеков:** Уважаемые депутаты, уважаемые участники публичных слушаний заседания Постоянной комиссии Арысского городского маслихата! В соответствии с Законом Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» и Приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года № 211 «Об утверждении Правил учета мнения населения соответствующей территории при уточнении и изменении транскрипции их наименований» и на основании предложения акимата города Арыс о переименовании безымянных улиц и дублирующих улиц города Арыс организуются публичные слушания Постоянной комиссии Арысского городского маслихата. В этой связи слово предоставляется секретарю Ономастической рабочей группы города Арыс А. Амиркуловой по вопросу повестки дня.

**Выступление: Секретарю Ономастической рабочей группы города Арыс А. Амиркулова:** Уважаемые депутаты и участники публичных слушаний! В соответствии с поручением Президента Республики Казахстан от 28 февраля 2017 года № 17-388-5 и письмом Управления культуры Туркестанской области от 03.03.2025 года № 24/274 Министерством культуры и культуры Республики Казахстан разработана «Дорожная карта на 2024-2025 годы» по переименованию административно-территориальных единиц и их составных частей, не вызывающая противоречивого мнения в обществе. На совещании по ономастике, состоявшемся 23 января текущего года под председательством советника Президента государства, в целях упорядочения и модернизации исторических названий ономастических названий в стране по списку, согласованному для проведения работ по присвоению наименований улицам без названия и с дублирующимися названиями, запланированных на 2025 год, замена идеологически устаревших и дублирующих наименований на исторические топонимы, а также присвоение объектам, улицам, не имеющим названия в городе Арыс, то есть новые 4 (четыре) улицы в микрорайоне Алатау батыр – предлагаются названия Кумкент, Кемер, Коксу, Серпін, а также новая 1 улица в микрорайоне Отырар – Музтау. В связи с повторением в микрорайоне Стадион названия улицы Е. Ахметова – улица Самрук, в микрорайоне Сырдарья улица К. Байсеитовой 3 раза – улица Аксай и улица Аксарай, улица Кенбаевых в микрорайоне Самал – улица Байрак, улица Казыбек би в центре города – Акжибек.

Пунктом 3) статьи 25-5 Закона Республики Казахстан от 11 июля 1997 года №151 «О языках» предусмотрено «единовременное присвоение одного наименования населенным пунктам, составным частям населенных пунктов в пределах одной административно-территориальной единицы».

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

В связи с присоединением к городу микрорайона Сырдарья и с тем, что в микрорайоне Сырдарья находится улица Ш. Уалиханова, а в городе есть улица с таким названием, предлагается переименовать ее в Актерек.

Все эти наименования взяты из наименований, одобренных Республиканской ономастической комиссией при Правительстве Республики Казахстан в соответствии с методическими рекомендациями по организации ономастической работы в Республике Казахстан, разрешенных только списком «Традиционные наименования», согласованным с Администрацией Президента Республики Казахстанан.

**Выступление: Председатель Постоянной комиссии Арысского городского маслихата по социальным вопросам Е. Медетбеков:** Уважаемые участники публичных слушаний, можете задать докладчику вопросы или высказать свои предложения.

**Выступление: Депутат Арысского городского маслихата М. Тулебеков:** Предполагается дать названия Кумкент, Кемер, Коксу, Серпін безымянными улицами в микрорайоне Алатау батыр?

**Выступление: Секретарю Ономастической рабочей группы города Арыс А. Амиркулова:** Да, вы правы. В микрорайоне Алатау батыр в районе зоны отдыха «Тайбурыл» есть небольшие короткие улочки. Эти улицы получили новое название. В случае, если в будущем будут построены новые дома, документы будут оформлены в срок благодаря тому, что у улиц есть названия.

**Выступление: Председатель Постоянной комиссии Арысского городского маслихата по социальным вопросам Е. Медетбеков**: Можно ли сегодня назвать улицу в честь заслуженных, известных в стране общественных деятелей?

**Выступление: Секретарю Ономастической рабочей группы города Арыс А. Амиркулова:** В настоящее время процесс названия улиц именами каких-либо личностей приостановлен. Приоритет отдается присвоению новым улицам «Традиционных названий».

**Выступление: Председатель Постоянной комиссии Арысского городского маслихата по социальным вопросам Е. Медетбеков:** В прошлом году я подал предложение о предоставлении одной из улиц города Арыс имени общественного деятеля Нуртаса Ондасынова. Но оказывается, он не входит в список, который вы предлагаете.

**Выступление: Секретарю Ономастической рабочей группы города Арыс А. Амиркулова:** Все предлагаемые сейчас улицы представляют собой короткие тупики. Кроме того, как я уже упоминала, в присвоении названий улицам приоритет отдается присвоению «Традиционных названий». Поэтому присвоение улицам имен каких-либо лиц приостановлено.

**Выступление: Председатель Арысского городского совета ветеранов А. Жунусов:** Улице с дублирующимся названием Казыбек би вы предлагаете название «Акжибек». Оказывается, «Акжибек» означает тип тонкой, дорогой ткани. Нельзя ли поменять это название на «Кызжибек»?

**Выступление: Секретарю Ономастической рабочей группы города Арыс А. Амиркулова:** Ваш вопрос очень уместен. Как я уже говорила в своем докладе, разработана Дорожная карта на 2024-2025 годы и введены

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

традиционные названия 11 предлагаемых вам улиц. Поэтому мы не можем это изменить.

**Выступление: Председатель Арысского городского совета ветеранов А. Жунусов:** Откуда взяты названия новых 4 (четырех) улиц в микрорайоне Алатау батыра – Кумкент, Кемер, Коксу, Серпін.

**Выступление: Секретарю Ономастической рабочей группы города Арыс А. Амиркулова:** Кумкент-город в песчаной зоне; Кемер – береговая оконечность реки, озера, водоканала, название поселения,; Коксу – самая пресная горная река со снегом, льдом, Серпін - сила отталкивания; акцент, темп. Все эти наименования взяты из списка «Традиционные наименования», утвержденного Республиканской ономастической комиссией при Правительстве Республики Казахстан, согласованного с Администрацией Президента Республики Казахстан.

**Выступление: Председатель Арысского городского общественного совета Т. Асиль:** Я очень рад, что улицам нашего города будут даны новые названия. Потому что улицы нашего города в прежние времена не имели законного названия. Поэтому я полностью поддерживаю предложение.

**Выступление: депутат М.Тулебеков:** Мне очень понравились названия улиц, которые вы предоставили выше. Настоящие казахские, глубоко значимые, быстро запоминающиеся наименования. Я лично поддерживаю.

**Выступление: Член Совета бабушек Г. Еримбетова:** Мне также очень понравились новые исторические названия улиц города Арыс. Поэтому призываю поддержать данные предложения.

**Выступление: Председатель Постоянной комиссии Арысского городского маслихата по социальным вопросам Е. Медетбеков:** Уважаемые участники публичных слушаний заседания совместной Постоянной комиссии городского маслихата, мы обсудили вопрос повестки дня. Теперь проголосуйте за то, чтобы названия улиц остались по предложенному акиматом города Арыс варианту. Все депутаты и участники публичных слушаний единогласно поддержали и проголосовали за предложенные варианты.

## ЗАСЕДАНИЕ ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Одобрить предложенные акиматом города Арыс варианты присвоения наименования и переименования улиц города Арысь с учетом мнения городского населения и депутатов городского маслихата.

2. Копию протокола заседания Постоянной комиссии по публичным слушаниям направить представителю, то есть акимату города Арыс для проведения мероприятий (размещение на интернет-ресурсах, освещение в средствах массовой информации и т.д.), возникающих в соответствии с законодательством.

К.Т.Ахметов _____ М.Ш.Тулебеков _____

С.Т.Момбекова _____ С.К.Кенжебеков _____

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Е.М.Медетбеков_____ А.А.Кенжебеков_____

А.М.Шукирбеков_____ Б.А.Садыкбеков_____

Б.С.Дильдабеков_____ Н.К.Ахтаев_____

А.А.Байтанаев_____ А.А.Аженов_____

Н.Д.Ибрагимов_____

Дата: 13.11.2025 12:06. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП